

новой художественной форме киноленты «Зеркало» [3, с.115].

Стихотворение «И это снилось мне, и это снится мне...», не написанное специально для фильма, тем не менее предельно точно выражает мысли Тарковского-сына, которые он попытался воплотить в фильме «Зеркало». Зазеркалье – это и символ вечности, бытия. В стихотворении и в фильме звучит тема бессмертия, передачи духовного наследия, преемственности поколений:

Не надо мне числа: я был, и есмь, и буду,
Жизнь – чудо из чудес, и на колени чуду
Один, как сирота, я сам себя кладу,
Один, среди зеркал, – в ограде отражений
Морей и городов, лучащихся в чаду.

И мать в слезах берет ребенка на колени [1, с.270].

Таким образом, тема зазеркалья стала своего рода символом всей семьи Тарковских.

...И все, чем смерть жива
И жизнь сложна, приобретает новый,

Прозрачный, очевидный, как стекло,
Внезапный смысл... [1, с.184].

1. Тарковский А.А. Лирика. – М.: Олимп, 2002. – 330 с.
2. Ходасевич В. Стихотворения. – М.: Молодая гвардия, 1991. – 222 с.
3. Ностальгия / Андрей Тарковский. – М., 2008.
4. Туровская М.И. Семь с половиной, или Фильмы Андрея Тарковского. – М.: Искусство, 1991.
5. Болдырев Н.Ф. Жертвоприношение Андрея Тарковского. – М.: Вагриус, 2004.
6. Баткина Л. Не боясь своего голоса // Мир и фильмы Андрея Тарковского. Сб. статей. Сост. Сандлер А. – М., 1991.

Аталған мақалада Арсени мен Андрей Тарковскийлар шығармашылығындағы тақырыптық рухани және шығармашылық сабақтастықтың жарқын айнасы іспетті қарастырылып зерттеледі.

In the article Arseny and Andrey Tarkovskih's spiritual and creative affinity, the theme of the world behind the looking-glass which have become through in their creativity is considered.

А. А. Оспанова

МАҒЖАН – ТҮРІК ДАҢҚЫНЫҢ ЖАРШЫСЫ

XX ғасырдың бас кезі халқымыздың рухани - мәдени тарихындағы қиындығы мен қайшылығы мол күрделі кезең еді. Бұл кезең халқымыздың ұлттық оянуының, демократиялық мәдениетінің өсіп - өркендеуінің, зиялылықпен ілгерілеуінің, әлемдік деңгейдегі ой жарыстыруының, көркем өнер салыстыруының көрініс бере бастаған тұсы болатын.

Ал бұл дәуірдегі қазақ әдебиеті – жалпы демократиялық қозғалыстар, қиян – кескі соғыстар, төңкеріс дамыған кездегі, қос қыртыс дәуір тарихын көрсететін әдебиет еді.

Поэзия әлемінде айрықша із қалдырған, өзіндік үлкен өнер - өрнек тудырған, терең сырға, ұшқыр қиялға толы өлең дүниесін кейінгіге аманат етіп қалдырған ақын - Мағжан Жұмабаев.

Мағжан Жұмабаев - қазақтың ұлы ақыны. Ол 1893 жылы қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Булаев ауданының «Молодежный» совхозы жеріндегі Сасықкөл мекенінде іргелі, әйгілі шаңырақта дүниеге келген. Өз әкесі Бекен, бабалары Жұмабай қажы, Шонай,

Өтеген, Өтеміс – бәрі де исі Атығай ішінде даңқы шыққан белгілі, көшпелі кісілер. Мағжан өзімен емшектес Мүсілім, Қаһарман, Мұқаметжан, Сәлімжан, Қалижан, Сабыржан, Күләндам, Гүлбарам деген бауырларымен құлынтайдай тебісіп, анасы Гүлсімнің бауырында ауыл баласының қызықты, романтикаға толы тәтті, қимас шағын бірге өткізген. Кәрім, Мұқаметжан молдалар, Данияр қажы, Ахитден мұғалім – болашақ ақынның тілін сындырып, хат танытқан, арабша, парсыша, түрікше, орысша оқытқан алғашқы ұстаздары. Алдымен Қызылжарда медреседе Хасен молдадан дәріс алған Мағжан Уфа қаласына барып, медресе Ғалияда татар халқының ұлы жазушысы Ғалымжан Ибрагимовтан оқыды. Алғашқы әдеби тіжірібе басталып, тырнақалды, көк қауырсын жырлар тудырды.

Өзі де, өлеңі де қиын – қыстау тауқымет жолын көп кешкен. Қалың бұқара оқушы қауым арасында әуелден – ақ қаншалықты белгілі, аты мәшһүр ақын болып танылса да, ресми ортада барған сайын айдаудан көз аша алмай,

тыныштық дүнтеден қара үзіп, кешегі қуғын – сүргін заманда есімі бір жолат аюшуге айналған жан.

Жаңа заман рухы бойын билеген, тырнақалды «Шолпан» (1912 ж., Қазан) кітабы шыққан асу жүрек, жас сұңқар орысша білім алуға ерекше талаптанып, 1913 ж. Омбы қаласына келіп, семинарияға түседі де, оны 1916 ж. бітіріп шығады. Бұдан кейін ел өміріндегі ұлы оқиғалар жас азаматты көғала толқынына тартып әкетеді. Үш революция дүмпуі, алаш қозғалысы, адасулар, дүниетанымдағы сілкіністері қоғамдық - әлеумет. Тартыстардың поэзиядағы көріністері, жеке бастағы шырғалаңдар – осылардың баршасын көре жүріп, Мағжан да 1919 жылдың көктемнен бастап, жаңа құрылысқа бел шешіп, білек сыбанып кіріседі. Қызылжардағы «Бостандық туы» газетінде редактор болды. Февраль революциясынан кейін қазақ интеллигенциясында атағы шыққан М.Жұмабаев облыстық «Алаш» партия комитеті құрамына кірді. М.Жұмабаев өзінің шығармашылық жолының 1917 – 1924 жылдың екінші этапында журналистикамен шұғылдана бастайды. 1922 жылы «Педагогика» еңбегін шығарады. Бір уақыттарда, Омск қаласында шығарылған «Бостандық туы» газетінің редакторы болады, ал 1921 жылдан бастап Петропавловскіде (1919 ж.), Ташкентте Қазақ – қырғыз институтында сабақ береді (1922 ж.), сонда жүріп «Батыр Баян» поэмасын шығарады. Түркістан туралы өлеңдер, Ақан – Сері, Бұхар – жырау туралы мақалалар жазады. «Ақ жол», «Шолпан» газеттерімен қызмет жасайды. 1923 - 1926 жылдары Мәскеудің көркем-әдебиет институтында аудармашы ретінде жұмыс істейді. 1927 жылғы жазда Петропавловск қаласында оқытушы жұмысымен шұғылданады. В.Я.Брюсов атындағы көркем әдебиет институтында оқиды (1928 ж.), Бурабай техникумда, Қызылжарда кеңес*- партия мектебінде сабақ береді. 1929 жылы жазықсыздан жазықсыз 1938 жылы 19 наурызда атылып кетеді.

1938 жылы жарық көрген Қазақ Академиясының әдебиет және өнер институты дайындаған «Шығармалары» басылымында Ж.Аймауытовтың М.Жұмабаевтың поэтикасы туралы қосымша мақаласы бар. Мақалада 1923 жылы Ташкент студенттері алдында айтылған мәтін бар. Аймауытов Мағжанның шығармасын бағалай отырып, ақыннан өзімшілдік, идеализм кінәсін түсіріп қорғағысы келеді.

Жұмабаев ақын тұрғысында лирика шебері. Оның «Менің тілегім», «Сүйемін», «әй, Сәрсембай», «Қараңғы боранды түн» секілді

өлеңдері қазақ поэзиясының байлығы. Мағжан әдебиетті дамытуда көптеген пайдалы шығармалар жазды.

Мағжан Жұмабаевтың әдебиеттік мұрасы уақыт сынауынан өтті. Басқа классиктердің шығармаларының қатарын құрай отырып, олардың ажырамас бөлігіндей қазақтың поэтикалық мәдениетінің тарихына кірді.

Қазақ әдебиетіндегі аса ірі тұлға Мағжан Жұмабаевтың ақын болу, қалыптасу кезеңі қазақ тарихындағы, бір жағынан ұлттық ояну, екінші жағынан, жаңа жол іздеп, дағдару дәуірінде тура келді. Өмірі халық тарихындағы күрделі кезеңмен тұспа – тұс келіп, сол дәуірдің барша қарама – қайшылығын жүрегімен сезінген, тарихтың тар жолдарында бүкіл ғұмырын шындық іздеумен тауысқан, сол тауқыметі мол жылдар тез есейтіп, қиялына канат, қаламына қайрат бітіріп, қатарға қосқан Мағжан Жұмабаев - «қазақ халқының ұлттық ұлы ақыны». «Мағжан бүкіл ұлтқа тән ұғым – сезімнің, поэтикалық өнердің шекарасын кеңейтіп, қазақ әлемінің жан дүниесін ашып берді. Оның таза қазақтық рухы кімнен де болса жоғары. Мағжан суреткерлігі бүкіл қазақтың өмір үшін күресімен қайғысын тұтас қамтиды. Халықтың сан – салалы тіршілігінің ол үшін бөтені жоқ. Бәрі де Мағжан қаламында өлең боп ойнап, сыңғырлап, сылдырап, жалтырап кетеді. Барлық ұлыақындар сияқты, Мағжанға да шындықты сезінудің сиқырлы күші дарыған. Мағжан ақындығының құпиясы оның өз тұсының шындығын дәл бейнелеуінде ғана ем ес, өлеңінің сиқырлы кшінде. Ол бірде өмірдің күлкісіндей қуанышты бейнелесе, бірде жылаған, қайғы тұтқан қазақтың жан сезімін көрсетеді, ақын осындай алмасып, ауысып жатқан дүниенің бір сәттік қозғалысын көз алдына әкеледі және ол лып етіп өте шығады. Мағжанның ақындық жолының күрделілігі де осында»[1,133б.].

Мағжан Жұмабаев өмірден өз орнын үнемі іздеумен өткен, бар білген-түйгенін соған сарп еткен суреткер. Оның шығармашылығының бір қырында мұңлы толғаныс, өкініш және қайғы-қасірет, күйініш жатса, екінші қырында романтикалық өршілдік, махаббат, сүйіспеншілік, қуаныш пен сүйініш, арман, мақсат, үміт жатады. Ұлы суреткердің шығармашылығында тарих тұңғығын терең түсіну, өткенді бағайлау, болашақты болжай білу, бүгіннің ақиқатына көз жеткізу сияқты терең толғаныстар заманның астаң – кестең аласапыран жайымен астасып жатады.

Мағжан Абай дәстүрін жаңалады. Мағжан лирикасы жүректің ең нәзік пернелерін сөй-

летті. Адамның интимдік сырларына тіл бітірді. Ол философиялық, саяси-әлеуметтік мәні зор проблемалардың тамаша көркемдік шешімін поэма жанры үлгісін жасады. Мағжан, Сәбит Мұқановтың сөзімен айтқанда, қазақ әдебиетінде поэмалар жазудың желісін қаққан адамның біреуі болды. «Қорқыт», «Оқжетпестің қиясында», «Қойлыбайдың қобызы», «Батыр Баян», «Жүсіп хан», «Өтірік ертеке», «Тоқсанның тобы», т.б. поэмалары адам тағдыры мен ел тағдырын шебер киюластырған шығармалар. Мағжан поэмаларында лирика мен эпос, кейіпкердің ішкі жан дүниесі, өмірі мен халқының тарихы, жеке адам мен ұлт тағдыры тартысты драмалық сюжетке тоғыса келіп, ғаламат көркем байламдарға бастайды. Мағжан ақын қазақ поэмасын баяндау тәсілінен шығарылып, суреткерлік арнаға бұрды [2,264б.].

Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығы әлеуметтік, эстетикалық талғам, талабымен айрықша жаралған дүние. Тұтасымен алғанда Мағжан өлеңдері қазақтың сөз өнері үшін жаңа, соны әлем. Мағжан лирикасының құдіреті - оның түр сипатының сонылығы, сөз қолданыс қасиетінде. Тілінің дәлдігі, ой-толғамдарының жаңалығы, суреттелген жайлардың айқындығы, сөз ойнату иірімдерінің таңғаларлық жарасымы-осының бәрі жинақтала келе Мағжан поэзиясының ерекше қасиетін байқатады.

Ұлы ақынның Шолпан жұлдыздай шұғыла шашып оқшау тұрған шығармашылық мұрасы ақын есімі қиянаттан арылғалы бері (1988 жылы толықтай ақталды) қазақ әдебиеттану ғылымында сан-салалы қырынан зерттелініп келеді. XX ғасырдың 30 жылдарында-ақ іргесі қаланып үлгерген

Мағжантану ілімінің қазіргі таңда, яғни ұлттың рухани-мәдени құндылықтарын ғылыми тұрғыдан жаңаша бажайлауды талап етіп отырған кезеңінде, ұлы суреткердің шығармашылығын зерттеп, зерделеуде көптеген табыстарға қол жеткізгенің атап өтуіміз қажет.

Ұлы ақынның шығармашылық мұрасы жайында қалам тартып жүрген әдебиетшілеріміз Ш.Елеукуенов, Р.Бердібаев, М.Базарбаев, М.Қараев, Қ.Мәшһүр-Жүсіпов, Б.Дәрімбет, Б.Қанарбаева, Б.Кәрібаева, Е.Тілешов т.б. ғалымдар еңбектерінде ақын мұрасы сан қырынан сөз етіліп келеді.

Аталған салада ғалым Ш.Елеукуеновтың зерттеулерін ерекше бөліп айтамыз. Ғалымның «Мағжан» атты еңбегі ұлы суреткердің өмірі мен шығармагерлігін жан-жақты саралауға арналған тұңғыш көлемді зерттеу болды. Автор

мұнда ақынның өмір өткелдерін және шығармашылығының кезеңдерін зерделеген.

Б.Майтановтың «Мағжан Жұмабаевтың поэтикасы» өку құралдарында ақын шығармашылығындағы көркемдік әдіс пен поэтика мәселелері, романтизм, символизм, реализм эстетикасы мен жанр заңдылықтары, өлең құрылымы зертеледі.

Ақынның поэтикасы, өлең өлшемі сыншы Б.Кәрібаеваның еңбектерінде де кеңінен талданады.

Б.Қанарбаева «Жырымен жұртын оятқан» атты Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығы хақындағы монографиясында ақын шығармаларының фольклорлық қырлары жөнінде ой толғайды.

Ғалым Т.Кәкішұлының «Мағжан – Сәкен» ғылыми эссесі XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің болмысын, екі ақынның өмірі мен шығармашылығын архив мағлұматтарымен бекітіп, тарихи деректерге сүйене отырып көркемдік талдаулар жасауымен құнды. Мағжан Жұмабаев шығармашылығының Омбы дәуір, Қызылжар, Ташкент дәуірі, Мәскеу кезеңі қоғамдық-саяси, тарихи-әлеуметтік мәселелермен байланыста жіті зерттелінеді.

Е.Тілешовтің «Суреткер және көркемдік әдіс» монографиясында ақынның шығармашылық эволюциясы, ақын поэзиясындағы ағартушылық реализм, романтизм, сентиментализм, символизм көркемдік әдістері кеңінен қарастырылады. Зерттеудің негізгі нысаны – суреткер романтизмі болғандықтан, автор ақын романтизмінің эволюциясын ішкі ағымдар негізінде қарастыра отырып, олардың идеялық-эстетикалық қырларын, уақыттық шегін, туу, қалыптасу себептерін айқындайды. Бұл еңбек ұлы суреткердің әдеби мұрасын көркемдік әдіс тұрғысынан арнайы қарастыруымен бағалы.

Ұлы ақынның шығармашылығында түрікшілдік мәселесі – мағжантанудың іргелі ғылыми проблемаларының бірі. Бұл мәселе ғылыми зерттеу жұмыстарына әлі арнайы нысана бола қойған жоқ.

Жұмысытың мақсаты - Мағжан Жұмабаев шығармашылығындағы түрікшілдік мәселесін азды-көпті ғылыми тәжірибелерді саралау және осы мәселе жөнінде өзіндік пікір айтып, ой қозғау.

Мағжан Жұмабаевтың алғашқы өлеңдері ағартушылық сарында жазылды. Ол түсінікті еді. Мағжан өмір сүрген уақыт қаншалықты күрделі саяси, қоғамдық тақырыптарды алға тартқанымен, оның алдындағы Шоқан, Ыбырай,

Абайлар бастап кеткен ағартушылық ой-пиғыл бұл кезең әдебиетінде басымдау жатты. Мағжан да Абай дәстүрінде жыр жазды, ұлы ұстаз үлгісін жалғастырды. Алғашқы өлеңдерінің бірін «Алтын хакім Абайға» деп атауының өзінен ақынның ұлы Абайды ерекше құрмет тұтқаны сезіледі. Өз өлеңдерінде қазақ арасындағы әр түрлі келеңсіз мінез-құлықты, әрекетсіздік пен жалқаулықты, сауатсыздықты сынайды. Елін білім алуға, өнер үйренуге шақырады. «Жазғы таң», «Өнер-білім қайтсе табылар», «Қазағым», т.б. өлеңдерінде ақын осы тақырыпты көтереді. Мағжанның ағартушылық сарындағы өлеңдерінің арасында ел мен жер тағдырына алаңдаушылық жатады. Ақын туған елін сүйді, туған жерінің әрбір пұшпағын жүрегіне жақын тұтты. Ол:

Басқа жұрт аспан-көкке асып жатыр,

Кілтін өнер-білім ашып жатыр, -

дей келіп, қазақ арасында мұндай ұмтылыстың әлі де жоқ екеніне өзегі өртенеді. Қолында дәулеті бар деген бай-болыстар да, азын-аулақ оқыған төрелер де өз басының камын ойлаумен жүр. Халықтың жайына алаңдайтын ешкім жоқ. Оқудағы шәкірттерге де дұрыс білім берілмейді. Қыз балалар малға сатылуда. Өзара дау-жанжал, айтыс-тартыс көп. Міне, Мағжанның өкініші осылар.

Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?

Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар?

Көкте – бұлт, жерде желмін гүлеген,

Жер еркесі – желдің жөнін кім сұрар? –

деп басталатын «Мен кім?» атты өлеңінде Мағжан өзінің лирикалық кейіпкерінің дәл осындай айбатты да қайратты, адал да қайсар бейнесін ашып береді. Ақынның «мені» өзін көктегі күшке, түпсіз теңізге, қызуы мол жалынға жүйрік тұлпарға теңейді. Патшадай қаһарлы, қазыдай әділ, бидей шешен де өзі. Олай болса, оған қарсы тұрар күш бар ма?

Өзім – тәңірі, табынамын өзіме,

Сөзім – құран, бағынамын сөзіме!

Бұзушы да, түзеуші де өзіммін,

Енді, ескілік, келдің өлер кезіңе, -

деген лирикалық кейіпкер сөзінде алапат күш-жігер мен шанайы шындық қатар өрілген.

Ақын өзін немесе өзінің лирикалық кейіпкерін ғана емес, айналасындағы жастарды да «арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты» қалыпты көргісі келеді. Халқының болашағы үшін күресетін негізгі күш – жастар. Олай болса, өмір бойы «алаш» ұранын көтеріп өткен Мағжан үшін жастардың орны бөлек. Өзінің «Мен жастарға сенемін» деп аталатын өлеңінде ол жас жеткіншекерге үлкен үмітпен

қарайды. Жастардың бойынан қыранның қанатындай күштілікті, таза жүрек пен сүйкімді мінезді, туған жерге деген шексіз махаббаты көреді. Соған мақтанады. Шабыттана жырлайды. «Мен жастарға сенемін!» деп асқақтай сөйлейді [3,207б.].

Мағжан өлеңдеріндегі ең басты тақырып – ел мен жер тағдыры. О бастан-ақ халқына азаттық өмір тілеген ақын туған елінің өткен тарихына үнемі көз жіберіп отырады. Сол арқылы тарихи шындықтың бетін ашады.

Атап айтқанда, «Өткен күн» атты өлеңінде Еділ мен Ертістің арасын жайлаған қазақтың бір кездегі жайнаған даласы мен көкөрай шалғынды жайлауын, айна көлдері мен алаңсыз күн кешкен тұрмысын, қаһарман батырлары мен әділ билерін, ел тұрмысының сәні болған ұлттық салт-дәстүрлерін мақтан ете отырып:

Өткен күнді ойласам,

Ойға терең бойласам,

Кешегі қайран қазақтың

Сәулеті мен дәулеті

Көз алдыма келеді, -

деп, бұдан ары қарай осы тіршіліктің шыркы бұзылғанын баяндайды. Өткенді аңсап емес, қолда бар асылынан айырылғанын өкіне баяндайды. Оның себебі неде? Бейбіт өмір неге қара түнекке айналды? Қазақтың қазіргі күйі қандай?

Күшін кеткен баяулап,

Жүрсін атсыз жаяулап,

Ит надандық желкенде

Шабайын деп аңдып тұр

Қылышын ұстап таяулап, -

деп, ақын сол заманның шындығы арқылы әлгі сауалдарға жауап береді. Қазақ даласындағы 1917 жылғы төңкерістер тұсындағы жағдайды да жырлауда да ақын дәл осындай шыншылдықтан жаңылмады. «Бостандық», «Есімде... тек таң атсын», т.б. өлеңдерінде ақынның халқының тәуелсіздігі жолындағы жанын құрбан етер ерекше қайраты сезіледі. «Бостандық» өлеңінде:

...Көк есігі ашылды,

Жұмақ нұры шашылды.

Келді ұшып бостандық, -

деп қуанады, бостандықты ізгі періштеге теңейді.

Ақын өлеңдерінде бостандықты аңсау сезімі аса күшті. Екі дүние алмасып, аласапыран болып жатқан тұста өмір сүрген ол халқына тәуелсіздік күнінің жақындағанын сезеді. Әйтсе де оған жету оңай емес. Сенімінен гөрі үміті басымырақ ақынның. Осындай көңіл күйде жазылған Мағжан өлеңдерінің бірі – «Сағын-

дым». Өлең абақтыда отырған ақынның жан дүниесінен хабар береді.

Қабырғасы қара тас абақты іші қара көлеңке. Сасық иіс қолқаны атады. Кіп-кішкене терезеден келіп жетегін жарық та, таза ауа да шамалы. Осындай тар қапаста отырған ақын сары даласын, алыстағы анасын, туған елін, құрдастарын, сүйген жарын сағынады. Содан соңғы сағынары – бостандық.

Бостандықта өткен күнді сағындым,

Желдей зулап кеткен күнді сағындым.

Жыл құсындай ұшсам, қонсам ерікті,

Ойдағыны өткен күнді сағындым, -

деп адам баласының еркін өмір сүруін аңсайды. Сол еркіндікке жету жолында абақтының азабын тартып отырғанын ақын өлең жолдарына түсіреді. Онда мұннан гөрі жеке адамның көңіл күйіндегі кейбір толғанысты сәттердің суреті басымырақ. Ақын жырында болашаққа сенім мол.

Не көрсем де алаш үшін көргенім,

Маған атақ ұлтым үшін өлгенім! -

деген жолдарда Мағжанның ұлтына, халқына деген шексіз махаббаты сезілсе, одан кейінгі:

Қалың елім, қалың қара ағашым,

Қайраты мол, айбынды ер, алашым!

Өзі-ақ құлар, сырын берме, сабыр қыл,

Ақымақтар байқамаған шамасын, -

деген жолдардан оның ертеңгі болашақтан үміті, қалай болғанда да осы қиындықтың артында азат күндердің келеріне деген сенімі көрінеді.

Өмірге құштарлық, айналасындағы адамдарға, туған табиғатқа, жер-анаға ғашықтық туралы ойлар – Мағжан өлеңдерінің басты сипаттарының бірі. Ақын нені жырласа да, ерекше махаббатпен, шынайы жүрекпен жырлайды. Сол себепті де оның өлеңдері сырлы, сазды, көркем.

Мағжан нені айтса да, бейнелеп айтады. Ол үшін даланың тауы да, суы да, желі де ғажайып. Ақын өлеңдерінде адам мен табиғат астасып жатады. Қай шығармасында да Мағжан осы екі ұғымды бірлікте алып жырлайды. Бір өлеңінде анасына, жарына, жалпы адамға деген махаббатын туған жерге қатысты сезімімен ұштастырып жатса, енді бір жырларында сол табиғаттың асыл жемісі – адамды бәрінен жоғары қояды. Бұған дәлел – «Сен сұлу» өлеңі. Өлеңінде сұлулықтың көркіне көз тоймай, айналасына таңырқай көз салған ақынның бейнесі бар. Ол айрықша тебіреніс үстінде. Оның көңіліне қуаныш, мақтаныш сезімін ұялататын кең даланы гүлге ораған көктемнің

арайлы күні, күміс табақтай көкте жүзген сұлу Ай, жібектей есіп, жанды жадыратар Жел, асқар тау, көлде жүзген аққулар, көк аспанда нұрын шашып тұрған Күн. Ақын осы көріністің тамаша картинасын жасайды. Табиғаттың әр құбылысынан, туған жердің әр тынысынан сұлулықтың тамаша белгілерін көреді. Сонда да болса, дүниедегі ең сұлу жаратылыс Мағжан үшін бұл емес. Сұлудың сұлуы – оның жүрегі қалаған сүйікті адамы.

Толып жатыр түрлі сұлу дүниеде,

Бәрінен де маған, сәулем, сен сұлу!

Мағжанның таза махаббат тақырыбына арналған лирикасы – аса көркем мұра. Табиғатынан жаны сұлу сыршыл ақын адамның ең асыл сезімін жеткізуге келгенде ғажап шеберлік танытады. «Сүй, жан сәулем», «Сен сұлу», «Жұлдызды жүзік, Айды алқа қып берейін», «Шолпы», т.б. өлеңдерінде Мағжан адамға тән осынау ұлы сезімді аса биікке көтере жырлайды. Ақынның лирикалық қаһарманы үнемі ғажайып сезімнің құшағында жүреді. Шын сүю – Мағжанның ұғымында әрі ләззатты, әрі азапты күй. Қуанышы да мол, азабы да аз болмайтын сезім. Ақынның сезімі кіршіксіз мөлдір. Сонымен бірге, ол махаббатқа шексіз адал. Сүйген жанының бір сәттік қуанышын ол патшаның тағына да, дүниенің малына да айырбастамайды. Сүйген жары үшін не қиындыққа да төзуге даяр.

«Жұлдызды жүзік, Айды алқа ғып берейін» өлеңі дәл осындай кіршіксіз махаббаттан туған шығарма.

Сүйгеніне қол созған ғашық жан:

Кел, жұлдызым, жылжып қана жібектей,

Жұлдызды жүзік, Айды алқа ғып берейін, -

деп, жүрек сырын ақтарады. Оның ғашығы – сөзі сиқыр, шашы толқын, күлкісі күміс табақтай, сыңғырлаған ғажайып сұлу. Ақын осы сұлулыққа жету жолынша бәрін де құрбан етуге даяр ғашық жанының бар сезімін тамаша суреттермен, бейнелі кестелермен береді. Лирикалық кейіпкерінің «көз жасынан меруерт тізіп», тіпті аспандағы жұлдызды жүзік, айды алқа етіп ғашығына сыйға тартқызды [4].

Қазақ ұлтына да ұлттық таза қасиеттері негізіндегі ұлтшылдығымен қалыптастыратын «Қазақ идеологиясы» керек. Мұсылманның жан тазалығын, түріктердің өр табиғатын, Еуропаның жаңа мәдениетін тоғыстырып қарайтын өзімізге тән бағыт-бағдарымыз болғанда ғана ұлтымызды сақтап, жаһандану – аждаһасының аузынан аман қала аламыз. Жоғарыда аты аталған ұлтшылдарымыздың рухын өлтірмесек, ол біздің таза қанымыз арқылы келесі ұрпақтың

бойына дариды. Бұл рух – Мәңгілік тәуелсіздігіміздің кепілі!

1. Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтандақ беттері. – Алматы: Білім. – 1995. – 285 б.

2. Бес арыс. Ред. басқарған Әшімханов Д. – Алматы: «Жалын». – 1992. – 544 б.

3. Әбдиманұлы Ө. Қазақ әдебиетіндегі ұлт-азаттық идея. – Алматы: Қазақ университеті. – 2007. – 325 б.

4. Сыздықұлы З. Мағжантану мәселелері. // Таңшолпан, 2009. – №2.

* * *

В статье «Магжан – носитель тюркской духовной

культуры» рассматривается творчество Магжана Жумабаева. На основе анализа произведений поэта раскрывается его художественное мастерство, особенности мировоззрения, эстетические и духовные идеалы. Большое внимание в статье уделяется работам исследователей, изучавших творчество Магжана Жумабаева

* * *

Magjan – native speaker of Turkish spirit culture.

In the article it is considered Magjan Jumabayevs creative work and analysis of his works which showed us authors artistic skills peculiarities of philology and his aesthetic ideals.

А. Н. Отарова

«СҮЙІНҒАРА» РОМАНЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯНЫҢ КӨРІНІСІ

Ұлттық идеяның ең басты тірегі – тәуелсіздік, еркіндік. Ол тәуелсіздік идеясы қазақ халқының өткен ғасырлардағы азаттық жолындағы күресі – жетпісінші-сексенінші жылдар прозасында қаламгерлеріміздің кең арналы ойларын айтып көркемдік шешімдерге келуіне тың серпін жасады.

Халықтың өткен тарих пен оның негізгі оқиғалары, ел болу дәстүрі, бостандық, азаттық идеяларының таралуы, сол бір кездерде ел басқарған, ел намысын қорғаған батырлар, азамат ерлер жайында білуге құмарлығы арта түсті. Бұл әдебиет зерттеушісі Қ.Әбдешұлының мына пікірінде дәл айтылады: “60-80 жылдар аралығында тарихи тақырыпты арқау еткен прозалық шығармаларымыз басқа жанрларға қарағанда тарихи тұлғалар тағдырын, оның ішінде қазақ батырларының ерлік істерін, қаһармандық жорықтарын, олардың кейіпкер ретіндегі ішкі жан дүниесін, рухани болмысын тереңірек бейнелеуге ден қойды” [2, 1966.]. Өз ұлтының тұтастығын, жерінің бүтіндігін ойлап ел тағдырын өз тағдырынан жоғары қойған қазақ батырлары тарихтың әр белесінде тұлғалық деңгейге көтеріліп отырған. Олар ұлттық тұлға ретінде халықтық мәні бар тарихи оқиғаларға араласып отырды.

Жазушы Маршал Әбдіхалықовтың сексенінші жылдары жазылған “Сүйінғара” романы да өткен ғасырлар тарихи шындығын суреттеп, халқымыздың азаттық жолындағы сан тарапты күрес-тартысының қырларын ашады. “Сүйінғара” романы – ХҮІІІ ғасырдың соңы мен

XIX ғасырдың басындағы еліміздің батыс өңірі Маңғыстаудағы қалыптасқан күрделі қоғамдық-саяси жағдайды сипаттайтын сюжеттік-композициялық өрнегі жымдаса құрылған идеялық мазмұны жоғары, көтерген тақырыбы терең шығарма.

Романның тақырыбы – осы кезеңдегі қазақ батырларының бірінен саналатын тарихи тұлға Сүйінғара Үргенішбайұлының жер мен елін қорғаудағы ерлік істері, Маңғыстау үшін Ресей мен Хиуа хандығы арасындағы күрес мәселелері.

“Адамды заман билейді.

Бұл туралы кім болса да ойланатын шығар. Тіпті ойланбағандар болса да, осы сөзді ара-тұра естігенде ақиқат сипаты мол ұғымды іштей мақұлдайды.

М. Әбдіхалықовтың “Сүйінғара” романын жазу барысында осы ойлардың қамауында болғаны көрініп тұр. Роман тақырыбы өте күрделі. Жері кең болғанмен, адамы сиректеу, аңқаулау көрінетін Маңғыстау түбегіне көз тіккен Ресей, Англия, Хиуа мемлекеттері саясатының шиеленісе бастаған уақыты. Ағылшындар Хиуа ханы арқылы қазақ жеріне, сол арқылы Кавказ елдеріне көз тігіп отырса, орыстар Маңғыстау арқылы Орта Азияға, одан Индия, Қытай байлықтарынан дәмелі. Осы алпауыттар арбасуының аясына айналған қазақ елінің жай-күйі, бостандық, азаттық туралы арман, әрекеттері суреттеледі. Роман жарық көрген жылдар Кеңес үкіметінің ұлт-азаттық идеялардан қатты үрейленетін кезі. Мұның